

Құрметті талапкерлер!

«Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры (бұдан әрі - Қор) «Қазақстан халқына «Қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) іске асыру шеңберінде 2023-2024 оқу жылына арналған КеАҚ «С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» жоғары білім беру бағдарламаларына түсетін талапкерлерді оқытуға **20 грант бөлінді.**

«Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының білім беру гранттары ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі – ҰБТ) нәтижелері бойынша конкурстық негізде мынадай санаттардағы талапкерлерге беріледі:

1) ауылдық жерлердегі, шағын және моноқалалардағы аз қамтылған отбасылар;

2) жетім балалар немесе кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

3) мүгедектігі бар тұлғалар;

4) мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар;

5) 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары;

6) 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде жараланған балалар;

7) төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен Қазақстан Республикасының қаза тапқан азаматтарының балалары (Қордың Қамқоршылық кеңесінің шешімі негізінде).

Бағдарламаға қатысудың шекті жасы толық **29 жасты** құрайды.

Екінші жоғары білім алушыларға грант алуға жол берілмейді.

Конкурсқа: **Медицина, Стоматология, Педиатрия, Мейірбике ісі, Қоғамдық денсаулық сақтау, Фармация, Медико-профилактикалық іс, Менеджмент** білім беру бағдарламалары (ары қарай ББ) бойынша оқудың толық мерзіміне түсетін, **ҰБТ тапсырған** және оның нәтижелері бойынша **кемінде 70 балл**, әр пәннен 5 баллдан кем емес үміткерлер жіберіледі.

Медицина, Стоматология, Педиатрия, Мейірбике ісі, Медико-профилактикалық іс мамандықтарына түсушілер үшін тапсыру орнына қарамастан **арнайы емтиханға (психометриялық тестілеуге) «Өтті»** болуы қажет.

Конкурсқа қатысу үшін талапкер **10-17 тамыз** аралығында университеттің қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

1) 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

2) Қосымшасы бар білімі туралы құжат (түпнұсқалар);

3) ҰБТ сертификаты (ағымдағы жылдың кез келген сертификаты);

4) Психометриялық тест хаттамасынан үзінді көшірме;

5) Жеке куәлік + көшірмелері (3 дана);

6) 075/у медициналық анықтамасы, рентген;

7) 3 x 4 см 6 фотосурет;

8) өтініш берушінің туу туралы куәлігі;

9) Кандидаттың "Қазақстан халқына «Қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасына қатысушы санатына жататынын растайтын құжаттар:

1. Ауылдық жердегі аз қамтылған отбасы балалары үшін:

- ағымдағы жылға өзекті АӘК алушының анықтамасы (egov.kz);

- немесе кандидаттың тұрғылықты жері бойынша ауданның/қаланың/кенттің/ауылдың әкімдігінен/жұмыспен қамту орталығынан, отбасының әлеуметтік мәртебесі туралы (аз қамтылған отбасы), аудан/қала не кент/ауыл әкімі орынбасарынан төмен емес лауазымды адамның қолы қойылған анықтама.

2. Кәмелетке толғанға дейін жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған адамдар үшін:

- нотариустан куәландырған екі немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі немесе ата-анасының жоқтығын растайтын өзге де құжаттар (ата-ана құқықтарынан айыру туралы, шектеу туралы, хабар-ошарсыз кетті деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп тану туралы сот шешімі;

- баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарттың көшірмесі.

3. Мүмкіндігі шектеулі, оның ішінде мүгедектер үшін:

- ағымдағы жылға өзекті мүгедектігі туралы анықтамасы (медициналық-әлеуметтік сараптама);

- таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қарсы көрсетілімнің жоқтығы көрсетілген медициналық қорытынды (075/у медициналық анықтама).

4. Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан азаматтар:

- нотариустан куәландырған отбасы мүшесі қатарындағы мүгедек баланың туу туралы куәлігі (18 жасқа дейінгі мүгедек баламен туыстық байланысын (қандық) растайды);

- ағымдағы жылы нотариус куәландырған отбасындағы балалардың (18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланың) мүгедектігі туралы өзекті анықтама.

5. 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары

- деректердің негізінде берілген Қор анықтамасы.

6. 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде жараланған балалар

- деректердің негізінде берілген Қор анықтамасы.

7. Төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен Қазақстан Республикасының қайтыс болған азаматтарының балалары (Қордың Қамқоршылық кеңесінің шешімі негізінде)

- деректердің негізінде берілген Қор анықтамасы.

Конкурстық іріктеу 2023 жылғы 18-21 тамыз аралығында өткізіледі.

Конкурс нәтижелері Университет сайтында орналастырылады (kazntmu.edu.kz).

Конкурстық комиссияның шешімі және барлық растайтын құжаттар «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қорына **22 тамызға** дейін жіберіледі.

Грант берілетін талапкерлердің тізімін Қор Басқармасы бекітеді және Қордың сайтында 11 қыркүйекке дейін орналастырылады.

Барлық сұрақтар бойынша қабылдау комиссиясына телефондар арқылы хабарласуға болады: 8 727 338 70 27, +7 707 634 64 88.